

Аңдатпа

Қазіргі таңда заманауи технологиялардың дамуына байланысты күнделікті өмірде бұл технологиялар өте қажетті заттардың бірі болып табылады. Себебі бүгінде жасалынып жатқан сервистер адамзат өмірінде орын алатын тіршіліктерді жеңілдетуде.

Дипломдық жұмыстың мақсаты – пациенттерді стоматологиялық емхананың тіркеу бөлімінде тіркеудің қызметкерге ыңғайлылығы. Құрылған веб-сайт стоматологиялық емхананың қызметтерін пайдаланғысы келетін клиенттерді тіркеуді жүзеге асыратын бөлім қызметкерінің жұмысын қажетті рәсімге автоматтандыруға бағытталған қосымша болып табылады.

Бұл сайт тіркеуші қызметкердің жұмысын жеңілдетуге ғана емес, сонымен қатар стоматологиялық клиникаға барғысы келетін клиенттерге де, оның уақытын ұтымды пайдалануға көмектеседі.

Стоматологиялық емханалардың ақпараттық жүйелерінің негізгі міндеттері кез-келген жағдайда адамдарға стоматологиялық көмек көрсету, стоматологиялық мекемелерді басқару және денсаулық сақтау жүйесін ақпараттық қолдау болып табылады.

